

044-13/10-16
04.11.22

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»




M. Rybikov
БЕКІТЕМІН
Ректор М. Рыбеков
04.11 2022 ж.

"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

П 044/408-2022

Күні	Көшіру	Шығарылым
		Екінші

ШЫМКЕНТ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі/Тәжірибелік дағдылар орталығы		Е 044/408-2022 Бас. №2 12 беттің 2 беті
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже		

1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«ОҚМА» АҚ тіркеу офісі және «ОҚМА» АҚ тәжірибелік дағдылар орталығы шешімімен
 2022 жыл «02» 09 № 2 хаттама

2 КЕЛІСІЛДІ «ОҚМА» АҚ Сапа кеңесінің шешімімен

2022 жыл "02" 09 № 2 хаттама

Тексеру жиілігі – 3 жыл

OҢTҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі/Тәжірибелік дағдылар орталығы	Е 044/408-2022	
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Бас. №2 12 беттің 3 беті	

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар.....	6
3. Процестің сипаттамасы.....	6
3.1 Емтихан қабылдаушыларға қойылатын талаптар.....	6
3.2 Эксперттерге қойылатын талаптар.....	6
3.3 Тәжірибелік дағдылар аттестациясын ұйымдастыру тәртібі.....	6
3.4 Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу тәртібі.....	8
3.5 Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу үшін қажетті құжаттаманың тізбесі.....	9
3.6 Тәжірибелік дағдылар аттестациясы нәтижелеріне талдау жүргізу тәртібі	10
3.7 Аттестациялау кезінде білім алушыларға қойылатын талаптар.....	10
3.8 Аттестациялау кезінде емтихан алушыға қойылатын талаптар.....	10
4. Библиография.....	10

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі/Тәжірибелік дағдылар орталығы	Е 044/408-2022
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Бас. №2 12 беттің 4 беті

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік ұйымдастыру-өкімдік құжаттарын, "ОҚМА" АҚ Жарғысын, "ОҚМА" АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйелері.
PK 044/001-2021	Сапа бойынша нұсқаулық.
СТ 044/004-2022	Қызметтік құжаттарды басқару.
СТ 044/007-2022	Жазбаларды басқару.
СТ 044/008-2021	Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару.
СТ 044/010-2021	Басшылық тарапынан талдау.
СТ 044/020-2021	Ішкі тексерулер.

Осы Ереже мынадай нысандарды қолданысқа енгізеді:

Ф 044/09-01-01-2024	Эксперттік қорытынды
Ф 044/09-01-02-2024	Әдістемелік нұсқау
Ф 044/09-01-03-2024	Емтихан тапсырушы сауалнамасы
Ф 044/09-01-04-2024	Емтихан қабылдаушы сауалнамасы
Ф 044/09-01-05-2024	Күшін жою актісі (білім алушылар)
Ф 044/09-01-06-2024	Күшін жою актісі (емтихан қабылдаушылар)
Ф 044/09-01-07-2024	Емтихан кестесі
Ф 044/09-01-08-2024	Емтихан тізбегі

- «ОҚМА» АҚ білім алушыларының тәжірибелік дағдылар аттестациясын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) білім алушылардың оқу жетістіктерін, практикалық білімдері мен дағдыларын бағалау технологиясын және білім беру нәтижелерін сапалы бақылау моделін құру мақсатында әзірленді.
- Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім мен қорытынды бақылауды бағалауды қамтиды. Ағымдағы үлгерімді бағалау (рұқсат беру рейтингі) пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60% құрайды. Қорытынды бақылауды (емтиханды) бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 40% құрайды.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі/Тәжірибелік дағдылар орталығы		Е 044/408-2022
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже		Бас. №2 12 беттің 5 беті

- Қорытынды бақылау 2 кезеңде жүргізіледі. 1-кезең - тәжірибелік дағдылар аттестациясы; 2-кезең - емтихан (тестілеу/жазбаша емтихан/ауызша емтихан). Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша шекті балл жинамаған білім алушы қорытынды бақылаудың келесі кезеңіне жіберілмейді.
- Интеграцияланған пән бойынша тәжірибелік дағдыларды аттестациялау интеграцияланған клиникалық жағдайларды қолдана отырып жүргізіледі және емтиханға бір баға қойылады.
- Кешенді емтихан түрінде тәжірибелік дағдыларды аттестациялауға рұқсат етіледі. Бағалау оның әрбір компоненті - оқу пәні бойынша жеке жүргізіледі.
- Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау нәтижелері балдық жүйе бойынша бағаланады. Максималды нәтиже - 100 балл. Шекті (өту) балл – 50 (50%). Емтихан тізбегіне тәжірибелік дағдылар аттестациясы нәтижелері (Ф 044/09-01-07-2024) «аттестацияланды» немесе «аттестацияланбады» деген баға түрінде қойылады. Егер білім алушы қандай да бір кезең бойынша шекті балл жинамаса (50%), «аттестацияланбады» қорытынды бағасы қойылады.
- Білім алушыларды тәжірибелік дағдылар аттестациясына даярлау академиялық кезеңнің басынан бастап кафедраларда жүргізіледі.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясы бойынша әдістемелік нұсқаулардың сапасы үшін кафедра меңгерушілері мен эксперттер жауапты болады.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу орны - тәжірибелік дағдылар орталығы, кафедралар зертханалары.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясы кезеңдерінің техникалық жабдықталуын кафедралар мен практикалық дағдылар орталығы қамтамасыз етеді.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясын ұйымдастыру тіркеу офисіне жүктеледі.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу кафедраларға жүктеледі. Тәуелсіз емтихан қабылдаушыларды тарту ұсынылады. Тәуелсіз емтихан қабылдаушылар оқу пәнінің бейініне сәйкес келетін білім беру бағдарламасы бойынша оқытушылар қатарынан оның постреквизиттерін ескере отырып, сондай-ақ практикалық фармацевтикалық және медициналық қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізуді бақылау тәжірибелік дағдылар орталығына жүктеледі.
- Ережеде көзделген өз функцияларын тиісінше орындамаған немесе орындамаған жағдайда жұмыс беруші тәжірибелік дағдылар аттестациясын ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын қызметкерлерге еңбек тәртібін

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі/Тәжірибелік дағдылар орталығы	Е 044/408-2022 Бас. №2 12 беттің 6 беті	
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже		

бұзушы ретінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне сәйкес жазалардың барлық түрлерiн қолдануға құқылы.

2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

ISO - Халықаралық стандарттау ұйымы

СТ- сапа менеджменті жүйесінің стандарты

ОҚМА – Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

ТО – тіркеуші офисі

ТДО – тәжірибелік дағдылар орталығы

3. Процестің сипаттамасы

3.1 Емтихан қабылдаушыларға қойылатын талаптар

- Емтихан қабылдаушы Ережемен; пән бойынша әдістемелік нұсқаумен; жабдықтар тізбесімен; құралдармен және құжаттамамен танысады; емтихан басталғанға дейін тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың талаптарына сәйкес кезеңдердің жабдыкталуын тексереді.
- Емтихан қабылдаушы тәжірибелік дағдыларды қадамдық орындау кезінде емтихан тапсырушының іс-әрекетін балдық бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар мен қойылған балдардың орындалуын бағалаудың объективтілігі үшін дербес жауапты болады.

3.2 Эксперттерге қойылатын талаптар

- Эксперттер ғылым кандидаты немесе докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесі бар; ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар оқытушылар қатарынан, сондай-ақ пәннің бейініне сәйкес келетін білім беру бағдарламасы бойынша оның постреквизиттерін ескере отырып, кемінде 5 жыл ғылыми-педагогикалық және клиникалық қызмет өтілі бар оқытушылар қатарынан тағайындалады.
- Эксперт кафедраларда әзірленген тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу бойынша әдістемелік нұсқауларға сараптама жүргізеді (кезеңдердің білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі және т.б.) және эксперттік қорытынды береді (Ф 044/09-01-01-2024).
- Эксперттерді тағайындауды тіркеу офисі жүзеге асырады.

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі/Тәжірибелік дағдылар орталығы	Е 044/408-2022
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Бас. №2 12 беттің 7 беті

3.3 Тәжірибелік дағдылар аттестациясын ұйымдастыру тәртібі

- Барлық базалық және бейіндік пәндер бойынша тәжірибелік дағдылар аттестациясы көзделген.
- Эксперттер мен емтихан қабылдаушылар тізімін тіркеу офісі қалыптастырады және ректордың бұйрығымен бекітіледі. Тәуелсіз емтихан қабылдаушылар мен эксперттерді тағайындауды тіркеу офісі емтихан басталғанға дейін 1 күн бұрын жүзеге асырады.
- Емтихан кестесін оқу-әдістемелік орталығы қалыптастырады, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор бекітеді.
- Әр пән бойынша тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу бойынша әдістемелік нұсқауларды кафедралар әзірлейді (Ф 044/09-01-02-2024), академиялық кезең басталғаннан бастап бір ай ішінде кафедра отырысында талқыланғаннан кейін экспертке ұсынылады. Оң эксперттік қорытынды алған кезде эксперттердің қорытындылары бар әдістемелік нұсқаулар тіркеу офісіне беріледі.
- Пән бойынша кезеңдердің саны пәннің оқу бағдарламасының талаптарына сүйене отырып, кафедра отырысында анықталады және бекітіледі. Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу үшін кезеңдер саны 5-тен кем болмауы тиіс. Тапсырманың күрделілігіне байланысты әр кезең 2-ден 10 қадамға дейін болуы керек.
- Кешенді емтихан түрінде тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу кезінде кезеңдер санын қысқартуға жол беріледі (2 пән – кемінде 6 кезең, 3 пән – кемінде 9 кезең).
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізудің бейнетүсірілімдерінің электрондық нұсқасы білім алушылар мен емтихан қабылдаушыларды электрондық оқыту үшін ЖОО-ның ақпараттық жүйесінде орналастырылады.
- Кафедралар тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізуі үшін келесі ұйымдастыру іс-шараларын орындау қажет:
 - аудиторияны дайындау, кезеңдерді ұйымдастыру және жабдықтау;
 - емтихан материалдарын дайындау (тәжірибелік дағдыларды қадамдық орындау кезінде емтихан тапсырушының іс-әрекетін балдық бағалау критерийлері; әрбір емтихан қабылдаушыға – тәжірибелік дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың емтихан парағы; хатшы үшін - тәжірибелік дағдылар аттестациясы нәтижелерін бағалау критерийлері; әрбір білім алушыға – емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағы);

O'NTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі/Тәжірибелік дағдылар орталығы		Е 044/408-2022
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже		Бас. №2 12 беттің 8 беті

- емтихан тапсырушыларды және емтихан қабылдаушыларды Ережемен таныстыру, тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу;
- анонимді сауалнамалар әзірлеу.

Тәжірибелік дағдылар аттестациясының емтихан материалдары (тәжірибелік дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың емтихан парағы; емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағы) семестр соңына дейін; емтихан тізбектері (Ф 044/09-01-07-2024) - бір оқу жылы ішінде тіркеу офісінде сақталады.

3.4 Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу тәртібі

- Білім алушылардың тәжірибелік дағдылар аттестациясы кафедра меңгерушісінің басшылығымен жүргізіледі.
- Емтихан басталғанға дейін емтихан хатшысы (кафедра қызметкері) білім алушылардың жалпы тізімінде әрбір фамилияға жеке код – шифр қояды.
- Хатшы білім алушыларға жеке код – шифр нөмірі бар бейджерді және шифры бар «емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағын» береді.
- Әр кезеңде емтихан қабылдаушы тапсырманы орындау барысында емтихан тапсырушыға «тәжірибелік дағдыларды қадамдық орындау кезінде емтихан тапсырушының іс-әрекетін балдық бағалау критерийлеріне» сәйкес «тәжірибелік дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың емтихан парағына» балл қояды және кезең балдарының сомасын «емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағына» енгізеді, параққа қол қояды және емтихан тапсырушыға береді.
- «Емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағы» және «тәжірибелік дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың емтихан парағы» хатшыға тапсырылады.
- «Емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағында» хатшы балдардың жиынтық санын есептейді.
- «Емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағына» кафедра меңгерушісі қол қояды.
- Хатшы кафедра меңгерушісі мен емтихан тапсырушыларының қатысуымен тізімге сәйкес «емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағын» дешифрлеуді жүргізеді. Білім алушының тегі шифрға сәйкес жазылады.
- Кафедра меңгерушісі білім алушыларға тәжірибелік дағдыларды аттестациялау нәтижелерін жариялайды.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясы аяқталғаннан кейін «емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағы» және «тәжірибелік

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі/Тәжірибелік дағдылар орталығы	Е 044/408-2022
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Бас. №2 12 беттің 9 беті

дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың емтихан парағы» тіркеу офісіне тапсырылады.

- Тіркеу офісі емтихан тізбегін қалыптастырады (Ф 044/09-01-07-2024) және тәжірибелік дағдылар аттестациясы өткізілген күні факультет деканаттарына тапсырады.
- Емтиханнан кейін білім алушылар мен емтихан қабылдаушыларға сауалнама жүргізіледі.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясы нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілетін күні апелляцияға беруге құқылы.
- Өтінішті апелляциялық комиссия барлық білім алушыларды аттестациялау аяқталғаннан кейін бірден қарайды.
- Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қаралады (білім алушы қандай кезеңнің, қандай қадамдардың бағалануымен келіспейді).
- Әр кезең бойынша дәлелді негіздемені (толық түсіндірме, қадамдық негіздеме) көрсетпей, аттестацияның барлық кезеңдерін қайта қарау бойынша апелляцияға өтініштер қаралмайды.
- Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.
- Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.5 Тәжірибелік дағдылар аттестациясын өткізу үшін қажетті құжаттаманың тізбесі

- Пән бойынша тәжірибелік дағдылар аттестациясы бойынша әдістемелік нұсқаулар.
- Эксперт қорытындысы.
- Әр пән бойынша емтихан материалдары.
- Эксперттер, емтихан қабылдаушылар тізімін бекіту туралы ректордың бұйрығы.
- Апелляциялық комиссияның құрамын бекіту туралы ректордың бұйрығы.
- Емтихан сессиясына жіберу туралы деканның өкімі.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясының кестесі.
- Емтихан тапсырушылар мен емтихан қабылдаушыларға арналған сауалнамалар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офисі/Тәжірибелік дағдылар орталығы		Е 044/408-2022 Бас. №2 12 беттің 10 беті
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже		

3.6 Тәжірибелік дағдылар аттестациясы нәтижелеріне талдау жүргізу тәртібі

- Емтихан тапсырушылар мен емтихан қабылдаушылар үшін тиісті сауалнамалар дайындалады (Ф 044/09-01-03-2024, Ф 044/09-01-04-2024), олар бойынша емтихан аяқталғаннан кейін пікір ("кері байланыс") зерттеледі.
- Сауалнаманы ішкі сапаны қамтамасыз ету бөлімі жүргізеді.
- Емтихандар аяқталғаннан кейін деканат сессияны қорытындылайды және келесі сессияда емтихандарды ұйымдастыру мен өткізуді жақсарту бойынша ұсыныстар жасайды.
- Тәжірибелік дағдылар аттестациясын талдау нәтижелері бойынша академияның сапа жөніндегі кеңесі осы Ережеге және пәндер бойынша әдістемелік нұсқауларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуі мүмкін.

3.7 Тәжірибелік дағдылар аттестациясы кезінде білім алушыларға қойылатын талаптар

Аттестацияны өткізу кезінде тыйым салынады:

- емтиханға кешігіп келу («келмеді» белгісі қойылады);
- емтихан қабылдаушының рұқсатынсыз аудиториядан шығу;
- рұқсат етілмеген заттарды әкелу және пайдалану (оқу әдебиеттері, ұялы және байланыс құралдары);
- бір-бірімен сөйлесу;
- емтихан регламентін бұзу;
- басқа студенттің орнына кіріп, емтихан тапсыру.

Жоғарыда көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда тәжірибелік дағдылар аттестациясы нәтижелері жойылады және акт жасалады (Ф 044/09-01-05-2024). Емтихан тізбегіне «аттестацияланбады» деген баға қойылады.

3.8 Тәжірибелік дағдылар аттестациясы кезінде емтихан қабылдаушыларға қойылатын талаптар

Аттестацияны өткізу кезінде тыйым салынады:

- емтиханға кешігіп келу;
- білім алушыларға сұрақтар қою;
- емтихан регламентін бұзу.

Білім алушылардың объективті емес бағалануы анықталған жағдайда тәжірибелік дағдылар орталығының қызметкерлері емтиханды өткізу тәртібін бұзу туралы акт (Ф 044/09-01-06-2024) жасауға және оқу-әдістемелік және

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі/Тәжірибелік дағдылар орталығы	Е 044/408-2022
"ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Бас. №2 12 беттің 11 беті



тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға емтиханға сараптама жасау туралы өтінішхат беруге құқылы.

4. Библиография








1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы
2	«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
3	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы
4	«Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы
5	«Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы
6	«ОҚМА» АҚ Академиялық саясаты 044/101-2024

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі/Тәжірибелік дағдылар орталығы "ОҚМА" АҚ білім алушыларының оқу жетістіктерін қорытынды бақылауда тәжірибелік дағдылар аттестациясын объективті құрылымдандырылған тәжірибелік/клиникалық емтихан технологиялары бойынша ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже		Е 044/408-2022 Бас. №2 12 беттің 12 беті


Әзірлеуші:

Қызмет атауы	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Тіркеу бөлімінің бастығы	С. Сыздыкова	02.09.2022ж	
Тәжірибелік дағдылар орталығының меңгерушісі	Н. Калменов	02.09.2022ж	

Тексерілді:

Қызмет атауы	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің басшысы	Н. Ержанов	02.09.2022	
Комплаенс-офицер	Н. Пернебаев	02.09.2022	
Оқу-әдістемелік орталығының басшысы	Б. Долгаева	02.09.2022	
Фармация факультетінің деканы	Г. Умурзакова	02.09.2022ж	
Медицина факультетінің деканы	А. Сейдахметова	02.09.2022ж	
Халықаралық факультетінің деканы	А. Сәрсенбекова	02.09.2022ж	
Интернатура және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы	К. Кемелбеков	02.09.2022ж	

Келісілді:

Қызмет атауы	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	М. Анартаева	02.09.2022ж	
Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы	О. Кабиштаев	02.09.2022ж	